

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Астана қаласы Мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 107/15-III шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 27 қаңтарда N 375 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 29/6-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2007.12.12 N 29/6-IV шешімімен

Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласы әкімдігі ұсынған Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасын қарап, Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы бекітілсін.

*Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

*Астана қаласы
мәслихатының хатшысы*

"Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасына" КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

1. *Алматы ауданының әкімі*
2. *Сарыарқа ауданының әкімі*
3. *Қаржы департаментінің бастығы*
4. *Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің төрағасы*
5. *Мәдениет департаментінің директоры*

6. Мемлекеттік санитарлық
эпидемиологиялық бақылау
департаментінің директоры
7. Еңбек, жұмыспен қамту және
халықты әлеуметтік қорғау
департаментінің директоры
8. Туризм және спорт
департаментінің директоры
9. Экономика, сауда және
шағын кәсіпкерлік
департаментінің директоры
10. Коммуналдық шаруашылық
департаментінің директоры
11. Тұрғын үй департаментінің
бастығы
12. Сәулет және қала құрылысы
департаментінің директоры
13. Қорғаныс істері жөніндегі
департаментінің бастығы
14. Күрделі құрылыс
департаментінің директоры
15. Білім департаментінің
директоры
16. Ішкі саясат департаментінің
директоры
17. Коммуналдық мүлік
басқармасының бастығы
18. Денсаулық сақтау
департаментінің директоры
19. Әділет басқармасының
бастығы
20. Көлік және байланыс
басқармасының бастығы
21. Ішкі істер бас
басқармасының бастығы
22. Сыртқы жарнама және
қаланы безендіру басқармасы
бастығының міндетін атқарушы

23. Мұрағаттар және
құжаттамалар басқармасының
бастығы
24. Төтенше жағдайлар жөніндегі
басқармасының бастығы
25. Мемлекеттік өртке қарсы
басқармасының бастығы
26. Қоршаған ортаны қорғау
жөніндегі басқармасының
бастығы
27. "Астана - жаңа қала" АЭА
Бас дирекциясының
директоры
28. "051 Қызметі" мемлекеттік
мекемесінің директоры

Астана қаласы
мәслихатының 2004 жылғы
24 желтоқсандағы
N 107/15-III

шешімімен бекітілді

**Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007
жылдарға арналған қалалық бағдарламасы
Астана-2004 жыл**

1. Бағдарламаның төлқұжаты

- Бағдарламаның атауы: Тілдерді қолдану мен дамытудың
2005-2007 жылдарға арналған
қалалық бағдарламасы
- Әзірлеуге негіздеме: Қазақстан Республикасы Президентінің
2001 жылғы 7 ақпанындағы N 550
Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану
мен дамытудың мемлекеттік
бағдарламасына сәйкес әзірленген.
- Бағдарламаны әзірлеуші: "Астана қаласының Тілдерді дамыту
басқармасы" мемлекеттік мекемесі
- Мақсаттары: Қазақстан халықтарының тілдерін
дамыту стратегиясы үш негізгі
мақсатты айқындайды:
мемлекеттік тілдің
әлеуметтік-коммуникативтік қызметін

кеңейту мен нығайту;
орыс тілінің жалпы мәдени қызметін
с а қ т а у ;
Қазақстан халықтарының басқа тілдерін

дамыту.

Міндеттері:

Мақсаттарды іске асыруда мынадай міндеттерді шешу көзделеді:
Іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін (нақты мерзімдер мен іс-шараларды көрсете отырып) белгілеу арқылы барлық мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарын іске асыру мақсатында қала көлемінде жергілікті бюджеттің, ұйымдардың қаржылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалары актілерімен тиым салынбаған басқа да көздері есебінен азаматтарға мемлекеттік тілді тегін оқыту Курстарының бірыңғай жүйесін қ ұ р у ;
мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми Қолданылатын тіл ретінде орыс тілінің қызмет етуін қамтамасыз ету;
этникалық қауымдастықтар (диаспоралар) өкілдерінің ана тілін оқытуға мемлекеттік қолдау көрсету;
мемлекеттік және басқа да тілдерді дамытуға үлесін тигізетін іс-шараларды

ұйымдастыру.

Мерзімі:

2005-2007 жылдар

Қаржыландыру көлемі мен көздері:

Бағдарламаны қаржылай қамтамасыз ету осы Бағдарламаны іске асыруға бөлінетін жергілікті бюджет қаражаты

есебінен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тиым салынбаған басқа да көздер арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыруға арналған бюджет қаражатына есептік қажеттілік 64897 мың теңгені қ ұ р а й д ы .

Бағдарламаның 2005-2007 жылдарға арналған қаржыландыру көзі Астана қаласына тиісті жылдық бюджеттік көрсеткіш аясында нақтыланатын

болады.

Күтілетін нәтижелер:

Тілдерді қолдану мен дамытудың қалалық бағдарламасын іске асыру қала аумағында қолданылатын тілдердің қажетті функционалдық арақатынасына қол жеткізумен айқындалатын, оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік

құруды көздейді.

2. Кіріспе

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - "Тіл туралы" Заң), Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы N 3186 Өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасы Тіл саясатының Тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы N 769 қаулысына сәйкес, "Мемлекеттік органдардағы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы" қаулысына, сондай-ақ, тіл саясаты саласындағы маңызды мәселелерді шешу үшін 2004-2006 жылдарға арналған Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың индикативтік жоспарына сай әзірленді.

Мемлекеттік тілді дамыту және оның қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылу аясын кеңейту - тіл саясатындағы басты міндет болып саналады. Қазақстан халықтары тілдерінің дамуына қолайлы жағдай туғызу маңызды м а қ с а т т а р д ы ң б і р і .

Қала әкімінің аппаратында екі жыл ішінде Тілдерді қолдану мен дамытудың 2003-2004 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша пәрменді жұмыстар

жүргізілді. Тілдерді қолдану мен дамытудың жүйелі қызметін қамтамасыз ету бағытында нақты мәселелер шешімін тапты.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасы жаңа аймақтық жоба болып табылады.

Бағдарлама тіл саясаты саласындағы міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты сабақтас шаралар кешенін айқындап, тілдерді қолдану мен дамытуда басты стратегиялық бағыттарды бекітеді және алға қойылған мақсаттарға жету жөніндегі нақты іс-шараларды белгілейді.

3. Астана қаласындағы тіл саясаты ахуалының қазіргі жай-күйіне талдау

1997 жылға дейін қаладағы тіл саясаты мынадай ерекшеліктермен көзге көрінді. Іс қағаздардың негізгі тілі ресми тіл болып табылды. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізетін мамандар мен аудармашы лауазымдары болған жоқ. Мемлекеттік тілді меңгеру үшін материалды-техникалық қажеттіліктер мен дайын мамандардың жетіспейтіндігі байқалды. Сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің екі тілде ресімделуіне назар аударылмайды. Халыққа сауда, көлік және байланыс аясында қызмет көрсету орыс тілінде жүргізілді. Қалада жалпы білім беретін бір ғана қазақ мектебі жұмыс істеді.

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңын (бұдан әрі - "Тіл туралы" Заң), Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) қабылдау қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларында тілдік құрылыстың тереңдетілген процесі мен одан әрі кеңеюінің алғы шарттарын қ ұ р у ғ а ә с е р і н т и г і з д і .

Астана қаласы әкімінің аппаратында тіл саясаты мәселелерімен 1998 жылдың шілдесінен бастап ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің тілдерді дамыту жөніндегі секторы айналысты. Ол 1999 жылғы желтоқсанда тіл саясаты бөлімі болып құрылды. Қала ұйымдары мен мекемелеріндегі тіл саясатына байланысты жұмыстарды үйлестіру және "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласы әкімінің 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 3-1-670 шешімімен "Астана қаласының Тілдерді дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) құрылды.

Қазіргі уақытта тілдердің қолданылуын дамыту үшін құқықтық негіздер қалыптасты. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге кезең-кезеңімен көшу кестесі мен оның орындалуы жөніндегі іс-шаралар жоспары, Астана қаласында

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2003-2004 жылдарға арналған іс-шаралар Ж о с п а р ы ә з і р л е н д і .

Қаладағы тілдік құрылымның үрдісіне түсіністікпен қарап, қолдау көрсетіліп к е л е д і .

Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік тілге беталыс қажеттілігі байқалды. 2003 жылдан бастап іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге кезең-кезеңімен көшу жұмысы басталды.

110 қала ұйымдары мен мекемелерінде жүргізілген тексеріс нәтижесі іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізудің нақты базасы бар екендігін көрсетеді. Құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізудің оңтайлы тәжірибесі " Промышленный " және "Интернациональный" кенттері әкімі аппараттарында ж и н а қ т а л ғ а н .

Қала әкімі аппаратында іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге кезең-кезеңімен көшіру кестесінің орындалуы бойынша тыңдау өткізу т ә ж і р и б е г е е н г і з і л г е н .

Бюджеттік мекемелердің қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқытуды " Руханият орталығы " мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жүзеге асырады. Онда жыл сайын 1000-нан астам қызметкер оқытылады. 2001-2003 оқу жылында қаланың 13 мекемесінің 162 қызметкері жеделдетілген курстан өтіп, сертификатқа ие болды. Мемлекеттік тілді оқытуда озық технологиялар кеңінен қолданылады. Қазіргі уақытта оқу процесіне қашықтықтан оқыту жүйесі енгізілген. Көмекші құрал ретінде оқу-әдістемелік құралдар мен салалық сөздіктер дайындалған. Қаланың көптеген мекемелері, ұйымдары мен кәсіпорындарында мемлекеттік тілді оқыту курсы жүргізіледі. Қажетті оқу және әдістемелік әдебиеттер алынған. Кейбір ұйымдарда арнайы қазақ тілі кабинеті ж а б д ы қ т а л ғ а н .

Қала көшелеріндегі көрнекі ақпараттар мен сыртқы жарнама мәтіндерінің " Тіл туралы " Заңға сәйкес жазылуын тексеру жүйелі түрде іске асырылады. Сыртқы жарнама және қаланы безендіру басқармасымен бірігіп "Қала келбеті" рейдтері ұйымдастырылып тұрады. 2002-2004 жылдары 147 рейд өткізілді. Қазіргі кезде сыртқы жарнама және көрнекі ақпарат нысандарында мәтіндер мемлекет аумағы тұрғындарына мемлекеттік тілдің байлығын насихаттау, олардың қазақстандық патриоттық сезімін қалыптастырып, бірлікке тәрбиелеу мақсатындағы м ә т і н д е р орналасқан.

Қаладағы жарнама құрылымдарын тіркеуге алып, олардың мәтіндерін тіл заңнамалары талаптарына сәйкестендіру мақсатында құжаттандыру жұмыстары ж ү р г і з і л д і .

Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту жұмысы

бағыттарының бірі көлік, сауда, байланыс аясында, мемлекеттік тілде халыққа қызмет көрсету сапалы анықтамалық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Жүргізілген жұмыстың жай-күйінен белсенділік байқалады.

Бірыңғай ономастика саясатын жүзеге асыру мақсатында Қалалық ономастика комиссиясы тұрақты жұмыс істейді. Осы уақытқа дейін қаладағы 80 көше, даңғыл, шағын аудан, 15 білім беру және мәдениет ұйымдары қайта аталып, жаңа атау берілді.

Білім беру жүйесінде мемлекеттік тілдің рөлі біртіндеп дамып келеді.

Осының нәтижесінде қазақ тілде білім беріп тәрбиелейтін 2 балабақша, аралас балабақшада қазақ тілде оқытып тәрбиелейтін 73 топ, қазақ тілінде оқытатын 13 жалпы білім беру мектебі ашылды. Барлық қазақ мектептерінде 10-11 сынып оқушылары үшін вариативтік бөлім есебінен Абайтану курсы енгізілді. N 3, 5, 7, 9, 15, 25, 27, 30, 32, 37 орта мектептерде қазақ әдебиетін 5-сыныптарда қазақ тілінде оқыту қолға алынды.

"Абайтану", "Шешендік сөздер" бағдарламалары бойынша тереңдетіп оқытылады.

Қазақ тілі мұғалімдері сапасының құрамы жақсартылды. Тілдерді дамыту басқармасы мен Білім департаменті және "Руханият орталығы" қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін аттестациялаудан өткізді. Өткен жылғы аттестациямен салыстырғанда биыл қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің теориялық білімдері мен әдістемелік дайындықтары анағұрлым жоғары екендігі көрінді. Біліктілікті көтеру мен білім саласындағы кадрларды қайта даярлау институтында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің жоспарына сәйкес әдістемелік көмек көрсетіп, тәжірибе алмасты. Осы мақсатта Білім департаменті қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту өзекті мәселелері бойынша жаңа технологиялар, оқу бағдарламаларын қабылдауды қолдану жөнінде конференциялар мен семинар-кеңестер өткізді.

Қаланың жексенбілік мектептерінде ұлттық тілдердің оқытылуына үлкен көңіл бөлінеді. Тіл саясаты жөніндегі қалалық Үйлестіру кеңесі отырысында "Қаланың жексенбілік мектептерінде мемлекеттік тілді оқыту жай-күйі туралы" мәселе тыңдалды.

Қазіргі уақытта қалада 8 жексенбілік мектеп: Дала өлкесі қазақтар одағының, корей, татар-башқұрт, "Видергебурт" неміс қоғамы, украин, белорус, армян жексенбілік мектептері мен поляк сыныбы жұмыс істейді. Оқытудың осы түрінің келешегі зор екендігі байқалады.

"Үздік жексенбілік мектеп" байқауы барысында ана тілін оқытуда жексенбілік мектептер жұмыстарының үздік тәжірибесі таратылды.

Тұрғындарды кез-келген жерде ыңғайлы әрі сапалы мемлекеттік тілдегі анықтамалық ақпарат қызметімен қамтамасыз ету мақсатында қаланың

орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Кітаптар қорын жабдықтау жүргізілуде. 2004 жылы алынған 3089 кітаптың 2143 данасы қазақ тілінде.

Кітапханалардағы көрнекіліктер мен жалпы жұмыстар мемлекеттік және ресми тілде жүргізіледі. Барлық кітапханалар филиалдарында тақырып бойынша сөрелер мен мемлекеттік тілді оқып-үйренуге арналған "Тіл - халықтың тарихы", "Тілді үйрену - күрделі міндет" атты кітап көрмелері ұйымдастырылған.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуде даталы күндерге, белгілі ақын-жазушылардың мерейтойына арналған іс-шаралар өткізіледі.

Мемлекеттік мекемелерде (кәсіпорындарда) мемлекеттік тілде іс жүргізуді енгізу мәселесі "Үздік мекеме", мемлекеттік мекемелер аудармашылары арасында "Үздік аудармашы", қаланың мемлекеттік қызметкерлері арасында қала әкімінің жүлдесі үшін "Үздік маман", Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің конкурстары, республикалық деңгейде "Газша бала" ақындар айтысы, Абай Құнанбаевтың туған күніне арналған "Поэзия сағаты", Абай оқулары қарастырылады.

Астана күнін тойлау қарсаңында жас ұрпақтың отансүйгіштік қасиетін арттыру, астананың қазіргі келбетін ашу мақсатында ақындардың "Жыр арқауы - Астана!" атты мұшайрасы өтеді.

Атаулы және маңызды даталарға арналып кеңейтілген іс-шаралар өткізіледі. Мемлекеттік тілді дамыту мәселесі "Жансарай" клубында жан-жақты талданады.

"Астана хабары" газетінде "Тәрбие басы - тіл" тұрақты айдар жарық көреді.

Ауқымды жұмыстардың бірі - Қазақстан халықтары Тілдерінің күні аясында қалалық тіл фестивалін өткізу. Фестиваль шеңберінде қала аудандарында, ұйымдары мен мекемелерінде мазмұнды әрі алуан түрлі іс-шаралар өтеді.

Фестиваль күндері қаланың мектептерінде тіл апталығы және ұлттық-мәдени орталықтар күндері ұйымдастырылады. Онда оқушылар Қазақстан Республикасы халықтарының тарихымен, әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрлерімен танысады. Қалалық фестивальға ұлттық мәдени орталықтың өкілдері белсене атсалысып, өнерлері көрермендер тарапынан жоғары бағаланды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілді дамытуда оңтайлы қозғалыстар байқалады. Заңның және Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу барысы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен көрініс тауып, насихатталады.

Алайда, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің іске асырылу деңгейі әлі де төмен. Мемлекеттік қызметкерлер арасында қызметтік міндеттерді мемлекеттік тілде жүргізу деңгейі төмен.

Жоғары тұрған органдармен хат-хабар алмасу, сондай-ақ, мекеме, ұйым мен кәсіпорындар бөлімдерінде іс жүргізу негізінен орыс тілінде жүргізіледі. Осы жұмыс әрі қарай жетілдіруді қажет етеді.

Заң және Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда жүйелі әрі мақсатты жұмыс қажеттігіне сәйкес Астана қаласында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасының жобасы жасалды.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту; орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау; Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту.

Осы мақсаттарды іске асыру үшін мынандай міндеттерді шешу көзделеді: мемлекеттік тілдің барлық мемлекеттік мекемелерде негізгі іс жүргізу тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;

жергілікті бюджет қаржысы есебінен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамалары тыйым салмайтын басқа да көздерден мемлекеттік тілді тегін оқыту к у р с т а р ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми тіл ретінде орыс тілінің қолданылуын қамтамасыз ету;

ұлт тілін оқытуда этникалық топ өкілдеріне (диаспораларға) қолдау көрсету; мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға ықпал жасайтын іс-шаралар ұ й ы м д а с т ы р у ;

алға қойған мақсаттар мен Бағдарламаның басым бағыттарына қол жеткізу үшін, мемлекеттік тілдің дамуына қолайлы жағдай туғызудың кешенді шараларын жүзеге асыруды қарастыру.

5. Бағдарламаны жүзеге асырудың тетіктері мен негізгі бағыттары

Қазақстан халықтарының ұлттық және орыс тілдерін дамыту, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту - Бағдарламаның негізгі бағыттары болып т а б ы л а д ы .

Бағдарламаны жүзеге асыру тетіктері қаланың мекемелері мен ұжымдарындағы іс-қимылды үйлестіруді қарастыратын ұсынылып отырған іс-шаралар Жоспарында көрініс тапқан.

6. Бағдарламаны қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері

2005 жылғы Бағдарлама іс-шараларды қаржыландыру 2005 жылға арналған қала бюджетінің қаражаттар есебінен қарастырылады.

Қаржыландыру көлемі сол жылдарға қаралған бюджетті қалыптастыру кезінде қалалық бюджет қаржысы есебінен жүргізіледі.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асырудан төмендегідей нәтижелер күтіледі:

Астана қаласының жергілікті орындаушы органдарында, департаменттерінде, басқармаларында, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерінде іс жүргізуді кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіруді жүзеге асыру және оның орындалуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік тілді үйрету сапасын арттыру, барлық ұйымдар мен мекемелер қызметкерлеріне мемлекеттік тілді үйрету;

қала мекемелерін аудармашылармен, мемлекеттік тілде іс жүргізетін мамандармен қамтамасыз ету;

көрнекі ақпараттар мен сыртқы жарнама мәтіндерін заңнама талаптарына сәйкестендіру;

балабақшалар мен мектептерде этнопедагогикалық тәрбиені жетілдіру; қазақ тілінде оқытатын мектептер мен балабақшалардың санын арттыруға ықпал жасау;

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіптік шеберлігін жетілдіруге ықпал жасау;

сауда, көлік және байланыс, денсаулық сақтау мен тұрмыстық қызмет көрсету, анықтама-ақпарат қызметі салаларында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту;

басқа да ұлт тілдерінің дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

8. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған қалалық бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - Астана қаласы Мәслихатының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 355/-45 -III шешімімен.

1. Нормативтік-құқықтық базаны пайдалану жөніндегі іс-шаралар

--	--	--	--	--	--

Р / с N	Іс-шаралар	Аяқта- лу түрі	Ж а у а п - ты орын- да у ш ы - лар	Орын- далу мер- зімі	Болжанғ: шығындар теңге)	
					2005 ж.	2006 ж.
	1.	2.	3.	4.	5.	6.
1.	"Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңын, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама-сын жүзеге асыруды керекті материалдық-техникалық және кадр ресурстарымен қамтамасыз ету	Мәде-ниет, ақпа-рат және спорт мини-стрлі-гіне (бұдан әрі - МАСМ) ақпа-рат	Қала әкімі-нің аппа-ратта-ры, барлық қала-лық қызме-ттер-дің, бас-қарма-лар мен ұйым-дардың басшы-лары	Т ұ - рақты		
2.	Қазақстан Республикасы Үкіметі-нің "Мемле-кеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын ке-ңейту тура-лы" N 769 қаулысын барлық қа-лалық қыз-меттер мен басқарма-ларда мемлекеттік тілде іс жүргізуді кезең-кезең мен енгізу арқылы орындау	МАСМ-ға ақ-парат	Қ а л а - ның мемле-кеттік орган-дары	Т ұ - рақты		
3.	Тілдер ту-ралы заңна-ма талапта-рының сақ-талуына байланысты мәселелерді дайындап, қала, аудан әкімдері аппаратта-рының қарауына енгізу	Астана қаласы әкімі аппа-ратына ақпа-рат	Қала және аудан әкім-дері-нің аппа-рат-тары	Ж о с - пар бойы-нша		
4.	Тексеру ко-рытындылары бойынша материалдар дайындап, оны ашық тыңдауларда қарау	Ашық тың-даулар	Т і л - дерді дамыту бас-қарма-сы	Ай сайын		

5.	Тіл саясаты жөніндегі қалалық Үйлестіру кеңесінің отырысын өткізу	Астана қаласы әкімі аппаратына ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	тоқсан сайын		
6.	Қоғамдық жұртшылық өкілдері мен ұйымдардан және жеке-леген азаматтардан келіп түскен өтініштер мен материалдар бойынша қалалық ономастика комиссиясының мәжілісін өткізу	Астана қаласы әкімі аппаратына ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Тоқсан сайын		
2. Мемлекеттік басқару мен іс жүргізу саласындағы тілдердің қолданылуы						
7.	Мемлекеттік тілдің барлық басқару органдары ұжымдарында, кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қолданылуы мен дамуы жөнінде іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, жүзеге асыру.	Жұмыс жоспары	Қала және аудан әкімдігінің аппараты, қаланың барлық қызметі, басқарулар мен ұйымдарының басшылары	Жыл сайын		
8.	Мемлекеттік тілдің негізгі іс жүргізу тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету	Астана қаласы әкімі аппаратына есеп	Қала және аудан әкімдігінің аппараты, қаланың барлық қызметі, басқарулар мен ұйымдарының басшылары	Тұрақты		
	"Іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-	Семинар-кеңес	Тілдерді дамыту басқармасы, қаланың барлық қыз-			

9.	кезеңімен көшіру туралы " мәселе бойынша семинар-кеңес өткізу	бағдарламасы	меті, басқармалар мен ұйымдарының басшылары	Т ұ - рақты		
10.	Бірыңғай тіл саясатын жүргізу жөнінде жексенбілік мектептердің жұмысын ұйымдастыру	Астана қаласы әкімі аппаратына ақпарат	Т і л - дерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Т ұ - рақты		
11.	Мемлекеттік және басқа да тілдерде берілетін хабарлардың тиісті көлемін сақтауда Қазақстан Республикасы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету	МАСМ-ға ақпарат	Қала әкімінің баспасөз қызметі, АСТД, Астана радиосы	Т ұ - рақты		
12.	Қызметтік міндеттерді орындау үшін мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі курс жұмыстарымен қамтамасыз ету	есеп	Қала және аудан әкімдігінің аппараты, Тілдерді дамыту басқармасы	Т ұ - рақты	12238	12594
13.	Мемлекеттік тілді оқыту курсының жұмыстарын ұйымдастыру	МАСМ-ға есеп	" Руханият" орталығы" МКК, кәсіпорындар, ұйымдар (меншік нысанына қарамастан)	Т ұ - рақты		
14.	Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін аттестациядан өткізу			үш жылда бір рет		
			Қала және аудан әкімдігі -			

15.	Қаланың құрылымдық бөлімшелерінде мемлекеттік тілде іс жүргізу үшін іс қағаздары үлгілерін (компьютерлік үлгілер) енгізу	Іс қағаздары үлгілерін қолдану (компьютерлік шаблондар)	нің аппараты, кәсіпорындар (меншік нысанына қарамастан), ұйымдар, мекемелер, "Руханият" орталығы" МКК	Т ұ - рақты		
16.	Тіл заңнамаларын жүзеге асыру жөніндегі озат тәжірибе жұмыстарының нәтижесі бойынша қалалық семинарлар өткізу	Семинар бағдарламасы	Т і л - дерді дамыту басқармасы	Ж ы л сайын		
17.	Қала ұйымдары мен мекемелерінде "Ақпарат күндерін" өткізу	Есеп	Т і л - дерді дамыту басқармасы	Т о қ - сан сайын		
18.	"Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының баптарын түсіндіру мақсатында Әділет басқармасы өкілдерінің қатысуымен шағын және жеке кәсіпорындар басшыларына арналған семинар өткізу	Семинар бағдарламасы	Т і л - дерді дамыту басқармасы, Әділет департаменті (келісім бойынша)	Жылына екі рет		
19.	Диаспора өкілдерін мектепке дейінгі тәрбие мен ұлт тілдерінде оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі шара қолдану	МАСМ-ға ақпарат	Білім департаменті, Тілдерді дамыту басқармасы	Т ұ - рақты		
20.	Ұлттық мектептерде қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдерді дайындау жөніндегі жұмыстарды жетілдіруге ықпал жасау	МАСМ-ға ақпарат	Білім департаменті, Тілдерді дамыту басқармасы	Т ұ - рақты		

21.	Кәсіптік-техникалық мектептерде, орта арнаулы оқу орында - рында қазақ топтары мен қазақ тілінде оқытылатын пәндердің санын арттыруға ықпал жасау	МАСМ-ға ақпарат	Білім департаменті, Тілдерді дамыту басқармасы	Жыл сайын		
22.	Жетім және ата-анасыз қамқорлығынсыз қалған балалар мекемелерінде қазақ тілінде оқытатын сыныптар жүйесін кеңейтуге ықпал жасау	МАСМ-ға ақпарат	Білім департаменті, Тілдерді дамыту басқармасы	Жыл сайын		
23.	Мектепке дейінгі мекемелерде қазақ тілінде оқытып, тәрбиелейтін топтардың санын арттыруға ықпал жасау	МАСМ-ға ақпарат	Білім департаменті, Тілдерді дамыту басқармасы	Жыл сайын		
24.	Мемлекеттік тілдегі жарнамалар мен көрнекі ақпараттардың мәтіндерін тексеру жөнінде "Қала келбеті - 2005-2007 жылдар" рейдтерін ұйымдастыру	Рейд нәтижесі бойынша есеп (Астана қаласы әкімінің аппаратына, жиналыс)	Тілдерді дамыту басқармасы, Сыртқы жарнама және қаланы безендіру жөніндегі басқарма, Коммуналдық шаруашылық департаменті	Тұрақ		
24-1	Қала және аудан әкімі аппараттары, департаменттер мен басқармалар қызметкерлері мемлекеттік тілде іс жүргізу жөніндегі жұмыста пайдалану үшін қоғам өмірінің түрлі салалары бойынша тиісті сөздік қоры қамтылған үйлестіру материалдарын	Ақпарат	Қала және аудан әкімі аппараттары, департаменттер мен басқармалар	2007 жылғы мамыр		

	дайындауға және шығаруға көмек көрсету.					
24-2	Мемлекеттік тілде іс жүргізу жөніндегі жұмыста пайдалану үшін қажетті сөздік қоры қамтылған сөздіктерді сатып алу.	Есеп беру	Тілдерді дамыту басқармасы	2007 жылғы мамыр-маусым		
24-3	Мемлекеттік тілде іс жүргізетін мемлекеттік қызметкерлер арасында конкурс өткізу.	Есеп беру	Тілдерді дамыту басқармасы	II, III тоқсандарда 1 рет, IV тоқсанда 2 рет		
24-4	Мемлекеттік тілде іс жүргізу мәселелері бойынша қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету және кеңес беру.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Жеке жоспар бойынша		
24-5	Тілдерді оқыту орталықтарының қызметін үйлестіру.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Ұдайы		
24-6	Тәжірибе алмасу және мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының қазақ тілін оқыту әдістемесін зерделеу жөнінде конференция өткізу.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	2007 жылғы мамыр-маусым		
24-7	Тілдерді оқыту орталықтарында қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Ұдайы		
24-8	Тілдерді оқыту орталықтарының, жалпы білім беру мектептері мен орта арнайы оқу орындарының базаларында қазақ тілі курстарын ұйымдастыру.	Есеп беру	Тілдерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жыл бойы		
24-9	Қазақ тілі курстарының тыңдаушыларына психологтардың қатысуымен дәрістер мен семинарлар өткізу.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жыл бойы		
24-10	Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттыру, мемлекеттік тілде іс жүргізу мәселелері бойынша ғалымдар мен тәжірибелі мамандарды тартумен семинар, тренинг, шебер-класс	Есеп беру	Тілдерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жеке жоспар бойынша		

	және "дөңгелек үстелдер" өткізу.					
24-11	Тілдерді оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану жөнінде іс-тәжірибені қорытындылау бойынша әдістемелік материал (брошюралар) дайындау.		Тілдерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жеке жоспар бойынша		
24-12	Қазақ тілінен білім деңгейіне мониторинг, бақылау және бағалау жүргізу үшін автоматтандырылған тестілеу жүйесінің әзірлеуіне ықпал жасау.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	2007 жылғы мамыр		
3 .						
Ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету						
25.	Астана қаласы бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктің алфавиттік көрсеткіштері мен физикалық-географиялық атауларын шығаруға ықпал жасау	Алфавиттік көрсеткіштерді шығару	Тілдерді дамыту басқармасы, Астаналық қалалық Жер ресурстарын басқару комитеті, Сәулет және қала құрылысы департаменті	Жыл сайын	500	528
26.	Астана қаласының әкімшілік-аумақтық картасын дайындап, шығаруға ықпал жасау	Әкімшілік-аумақтық картаны дайындап, шығару	Астаналық қалалық Жер ресурстарын басқару комитеті	Жыл сайын	500	528
27.	Мемлекеттік тілді қоғам өмірінің әр түрлі саласында қолдану жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізу.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Жыл бойы	624	658
4. Бұқаралық ақпарат құралдарында, мәдениет және халыққа қызмет						

көрсету салаларында
тілдерді дамыту

28.	<p>"Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңын, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын, "Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы N 769 Қаулысын жүзеге асырудың барысын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау</p>	Дайд-жестер	<p>Хабар, "Эра теледидары" ЖШС, "КТК" АҚ, "Астана қ. теледидары", Астана радиосы, "Астана хабары", "Вечерняя Астана", "Азамат таймс" "Евразия", "Астана" журналы</p>	Тұрақты	
29.	<p>Бұқаралық ақпарат құралдарында "Қазақ тілін үйренеміз" атты тұрақты айдар ашу</p>	Рублика ашу	<p>Астана радиосы, "Вечерняя Астана"</p>	Тұрақты	
30.	<p>Көлік және байланыс, сауда, денсаулық сақтау және тұрмыстық қызмет көрсету, анықтама-ақпарат қызметі салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету</p>	МАСМ-ға есеп	<p>Көлік және байланыс, сауда, денсаулық сақтау және тұрмыстық қызмет көрсету ме-кері, анықтамалық ақпараттық қызметтер</p>	Тұрақты	
			<p>Қала және аудан әкімдігінің аппа-</p>		

31.	Мәдениет департаментімен бірлесе отырып, Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар өткізу	Бағдарлама	раттары, Тілдерді дамыту басқармасы, Мәдениет департаменті, Білім департаменті	Жыл сайын		
32.	Мәдениет департаментімен бірлесе отырып, республикалық деңгейдегі "Тазша бала" конкурсын өткізу	Конкурс	Тілдерді дамыту басқармасы, Мәдениет департаменті	Жыл сайын		
33.	Мәдениет департаментімен бірлесе отырып, ақындар айтысын өткізу	Айтыс	Тілдерді дамыту басқармасы, Мәдениет департаменті	Жыл сайын		
34.	Тілдерді дамытудың өзекті мәселелеріне арналған конференциялар, "дөңгелек үстелдер", педагогикалық оқулар, семинарлар, кездесулер өткізу	Конференциялар, "дөңгелек үстелдер", педагогикалық оқулар, семинарлар, кездесулер бағдарламасы	Тілдерді дамыту басқармасы, Мәдениет департаменті, Білім департаменті	Жыл сайын	924	975
35.	Кітапханаларда тілдерді дамыту мәселелері жөнін-	Кітап көр-	Тілдерді дамыту басқармасы, Мәдениет департаменті	Тұрақты		

	де кітап көрмелерін ұйымдас-тыру	меле-рі	ті, Білім депар-та мен -ті			
36.	Әдебиет, өнер және мәдениет қайраткерлерімен кездесулер ұйымдас-тыру	Кез-десу-лер бағ-дар-лама-сы	Т і л - дерді дамыту бас-қарма-сы, Мәде-ниет депар-та мен -ті, Білім депар-та мен -ті	Жыл сайын	468	494
37.	Славян жазуы мен мәдениеті күндерін өткізу	МАСМ-ға мере-келік кон-церт, кон-курс-тар, ақпа-рат-тар	М ә д е - ниет депар-та мен -ті, ұлттық-мәде-ни о р - т а л ы қ - тар, Астана қаласы бойын-ша А қ - парат бас-қ а р - масы (келі-сім бойын-ша), Тіл-дерді дамыту бас-қарма-сы, ұлттық мәдени орта-лықтар мен қоғам-дық бірле-с т і к - тер	Жыл сайын	535	564
38.	Мекеме, ұйым және кәсіпорын-дарда іс қағаздарын мемлекеттік тілде үздік жүргізетін-дер байқау-ын ұйымдас-тыру	Кон-курс	Т і л - дерді дамыту бас-қарма-сы, аудан әкім-дері-нің аппа-рат-тары	Жыл сайын	310	327
39.	Қазақстан халықтары тілдері қалалық фестивалі-нің ашылуы мен жабылуы	Сал-тана-тты кон-церт	Т і л - дерді дамыту бас-қ а р - масы	Жыл сайын	728	768

40.	Қаланың мемлекеттік мекемелері қызметкерлері арасында "Мемлекеттік тіл - татулық тірегі" атты конкурс өткізу	Конкурс	Т і л - дерді дамыту басқармасы, аудан әкімдерінің аппаратары	Жыл сайын	178	188
41.	Қаланың мектеп оқушылары, КТМ, жоғары, орта оқу орындары студенттері арасында "Мемлекеттік тіл - бірлік бастауы" атты конкурс өткізу	Конкурс	Т і л - дерді дамыту басқармасы, аудан әкімдерінің аппаратары	Жыл сайын	178	188
42.	Қаланың мектеп оқушылары арасында шығарма жазу конкурсын ұйымдастыру	Конкурс	Т і л - дерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жыл сайын	178	188
43.	Қала мектептерінде ұлттық-мәдени орталықтар күндерін ұйымдастыру	ҰМО мерекесі	Т і л - дерді дамыту басқармасы, Білім департаменті, Астана қаласы бойынша Ақпарат басқармасы	Жыл сайын	117	123
44.		Конкурс	Т і л - дерді дамыту басқармасы, Білім депар-	Жыл сайын	178	188

	"Үздік жек-сенбілік мектеп" конкурсын өткізу		та мен - ті			
45.	Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің қалалық конкурсын өткізу	Конкурс	Т і л - дерді дамыту басқармасы	Жыл сайын	318	335
46.	"Үздік аудармашы" қалалық конкурсын өткізу	Конкурс	Т і л - дерді дамыту басқармасы	Жыл сайын	286	302
47.	Мектепке дейінгі мекемелер арасында "Кел, балалар, оқылық" бүлдіршіндер мерекесін өткізу	Балалар мерекесін ұйымдастыру	Т і л - дерді дамыту басқармасы, Білім департа мен - ті	Жыл сайын	128	135
48.	Даталы күндерге арналған әдеби-музыкалық кештер өткізу	Әдеби - музыкалық кештер бағдарламасы	Т і л - дерді дамыту басқармасы, Мәдениет департа мен - ті	Жыл сайын		
49.	Қазақстан халықтары тілдері мен мәдениетін насихаттау жөнінде " Қаланың үздік кітап-	Конкурс	Т і л - дерді дамыту басқармасы, Мәдениет департа мен - ті, Орталық -	Жыл сайын	155	164

	ханасы" конкурсын өткізу		т а н д ы - рылған кітап- х а н а - лар жүйесі			
50.	Қазақ фоль- клорының апталығы: Мектепке дейінгі мекемелер арасында: " Ертегілер әлеміне саяхат " театрланды- рылған қойылым; " Бабадан қалған мұра" колледждер арасында к о н к у р с; Жоғары оқу орындары арасында "Тәрбие басы - тіл" пікірсайысы; " шешендік өнер - ұрпаққа мұра" конкурсы	Театр-лан - дыры- лған көрі- ніс Кон- курс Кон- курс Кон- курс	Т і л - дерді дамыту бас- қ а р - масы, Білім депар- т а м е н - ті, Мәде- ниет депар- т а м е н - ті	Жыл сайын	271 156 187 304	286 165 197 321
51.	Абай ескерт- кіші жанында Поэзия сағатын ұйымдастыру	Поэ- зия саға- ты	Т і л - дерді дамыту бас- қ а р м а - сы, Мәде- ниет депар- т а м е н - ті	Жыл сайын	316	332
52.	Пушкин оқу- ларын ұйым- дастыру	Пуш- кин	Т і л - дерді дамыту бас- қ а р м а - сы, Мәде-	Жыл сайын	312	329

		оқу-лары	ниет департаменті			
53.	"Қазақ тілі мен әдебиетінің үздік мұғалімі" (орыс мектептері арасында) атағына конкурс өткізу	Конкурс	Тілдерді дамыту басқармасы, Білім департаменті	Жыл сайын	329	347
54.	"Жыр арқауы Астана!" атты ақындар мұшайрасын өткізу	Конкурс	Тілдерді дамыту басқармасы, Мәдениет департаменті	Жыл сайын	320	338
55.	Қазақстан халықтары тілдерін дамытуға қолдау жасау үшін бейнероликтер әзірлеп, шығару.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Жыл бойы		
56.	Қазақстан халықтары тілдерін дамытуға қолдау жасау үшін көрнекілік баспа өнімдерін әзірлеп, шығару.	Ақпарат	Тілдерді дамыту басқармасы	Жыл бойы		
57.	Көлік және байланыс, сауда, денсаулық сақтау, халыққа қызмет көрсету салаларында және анықтама-ақпараттық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуына жағдай жасау.	Есеп беру	Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, денсаулық сақтау департаменттері, "Астана-телеком"» ҚТО, Анықтама-ақпараттық қызмет	Жыл бойы		
58.	Тілдерді оқыту орталықтарының мекен-жайы көрсетілген пилондар, басқа да көрнекі ақпаратты орналастыру.	Есеп беру	Аудан әкімдері аппараттары	Жыл бойы		
	Барлығы:				20738	21562

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК